

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ

АННОТАЦИЯ

Ұсынылып отырған мақалада мұғалім сын тұрғысынан ойлаудың теориялық және практикалық негіздерін қолдану тәжірибесімен бөлісті. Осы негіздер 21 ғасырда қажетті оқушылардың дағдыларын шығармашылық, коммуникативтік, сараптамалық ойлау ынтымақтастыққа ықпал ететін тілдік құзыреттілікті дамытуда мүмкінді береді. Мұғалім бағыттайды, кеңес береді және бақылайды, оқушылар өз бетімен жоспарлайды, орындайды, өздері талдайды және өздері бағалайды. Осы технология аясында қазақ тілін оқытудағы мақсаты әдістер мен тәсілдер анықталды. Мақаланың негізгі міндеттері:

-жалпы педагогикалық технология ретінде СТО технологиясының ерекшеліктері, мақсаттары, міндеттері мен тәсілдерін анықтау;

-сын тұрғысынан ойлаудың мағынасын түсіндіру;

-оқыту үрдісінде СТО қолданудың қажеттілігі мен мүмкіндігін дәлелдеу;

-сабақта қолданылатын СТО тәсілдерін ұсыну;

Сонымен, мақаланың зерттеу объектісі- қазақ тілін оқыту үдерісі болады, қазақ тілі сабағында СТО қолдану.

Түйінді сөздер: сын тұрғысынан ойлау, дамыту, тұлға, тілдік құзыреттілік, мұғалім, оқушы әдіс.

АННОТАЦИЯ

В данной статье представлен опыт деятельности учителя с применением теоретических и практических основ применения критического мышления. Настоящие основы позволяют развивать у учащихся навыки, необходимые в 21 веке: коммуникабельность, креативность, аналитическое мышление, развитие языковых компетенций способствующие сотрудничеству – учитель направляет, консультирует и контролирует, учащиеся самостоятельно планируют, выполняют, самоанализируют и самооценивают. В рамках данной технологии выявлены целесообразные методы и приемы преподавания казахского языка. Основные задачи статьи предполагают:

- выявить особенности, цели, задачи и приемы ТРКМ как общепедагогической технологии;

-объяснить значение критического мышления;

- обосновать возможность и необходимость применения ТРКМ в процессе преподавания.

- представить приемы ТРКМ, используемые на уроках;

Таким образом, объектом исследования статьи является процесс преподавания казахского языка, а предметом - применение ТРКМ на уроках казахского языка.

Ключевые слова: критическое мышление, развитие, личность, лингвистическая компетенция, учитель, учащийся, прием

ABSTRACT

This article presents the experience of the work of the teacher with the theoretical and practical basis for the use of critical thinking. These bases allow students to develop skills needed in the 21st century, such as communication skills, creativity, analytical thinking, the development of language skills that are facilitated cooperation- the teacher guides, advises and monitors while students independently plan, do, analyze and evaluate themselves. Within the framework of the article suitable methods and techniques of teaching the Kazakh language are revealed. The main objectives of the article suggest:

-to identify peculiarities, goals, objectives and techniques of TDCT as the technology of general pedagogy;

-to explain the importance of critical thinking;

-to substantiate the possibility and the need of the use of TDCT in the process of teaching;

-to present the methods of TDCT used in the lessons.

Thus, the object of the research of the article is the process of teaching the Kazakh language and the subject is the use of TDCT in the lessons of the Kazakh language.

Keywords: critical thinking, development, personality, linguistic competence, teacher, student, method

*«Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес,
ол үнемі жетілдіруді қажет ететін,
үнемі жаңаны табатын өнер»
Ж. Аймауытов*

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, мектептің әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының белсенділік көрсететін кезі туды. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағаланады. Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық.

Білім саласында білімді, мәдениетті ұрпақты тәрбиелеп өсіруде маңызды рөл атқаратындардың бірі болып мұғалім есептеледі. Ол үшін мұғалімнің өзі де жан-жақты дамыған, сауатты, ұшқыр ойлы болуы шарт. Оқушы ұстаздан үлгі-өнеге алады. Құзырлы мұғалімнің бойында ағылшынның педагог-психологы, әрі зерттеуші Шульман айтып өткендей бас, қол, жүрек сияқты үш көмекшілер болған жағдайда ғана, оқушыларға білім беру сапасы артатының және құзырлы мұғалімге айнала алатынын айтып өткен. Дамыған елу елдің қатарына қосылуы мен еліміздің болашағы жарқын болу үшін сапалы білім керектігін білдім. Ол үшін мектеп қабырғасында білім беретін білікті маман иелері қажет деп түсіндім. Сондықтан осы «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулін меңгеріп, сабақта қолданып отырман. Пажарес оқушының сыни тұрғыдан ойлап, шешім қабылдай алатын тұлғаны қалыптастырғысы келсе, онда мұғалімнің өзі де сыни тұрғыдан ойлай білетін, бойында жаңашылдыққа жаны құмар болуды айтқан.

Қазақ тілі сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып тұлға қалыптастыру тәжірибесін сабақтарда қолданудамын. Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін – өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты артырады, кез – келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін – өзі тәрбиелейді. Әр жеке сабақ бұл сабақтар тізбегінің бір бөлшегі. Ол кезеңдердің компоненттерінен тұратын күрделі процессуалдық жүйе. Егер әр сабақты кірпіш қалаған жүйе қабырға деп қарасақ, сабақ соның бір кірпіші. Егер бұл кірпіштер өз ара жақсы болғанымен, бір-біріне дұрыс қаланбаса, қабырға құлап қалуы мүмкін.

Мен өз сабақтарымда оқушылардың сөйлеу тілін қалыптастыру мақсатында әр түрлі жұмыстарды өткіземін. Осы жұмыстарымның тиімділігіне көз жеткізу үшін өткізілген сабақтарымда ұсынамын. Мысалы 9 сыныпта «Ата-ананың парызың өтеу- сенің қарызың» тақырыбын өткенде «Тоқтатып бейне- көрініс қарау әдісі»- (балалар «Торғай» видеоны қарап, мұғалім видеоны кез келген уақытта тоқтатып, сол видео бойынша сұрақтар қояды)

1. Балалар, қалай ойлайсыздар кім отыр?
2. Әкесі не сұрайды?
3. Әкесі қайда кетті?
4. Неге кетті?
5. Не туралы оқиды?
6. Баласы түсінеді ме?

Бұл әдіс арқылы сабақтың тақырыбын ашады, оқушылардың ойларын “Блум таксономия» стратегиясы арқылы анықтаймын.

Бұл видео-бейнеде кім болды?

Мен дұрыс түсінсем бұл әке мен бала ма?

Неге баласы ашуланды?

Сен оның орнына болсаң не істер едің?

Әкесі дұрыс істеді ме, жоқ па?

Сіз әкесінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?

Сонымен қатар, бұл сабақта «Қос жазба күнделігі» стратегиясын пайдаландым.

Оқушылардың мақсаты: мақал- мәтелдерді жинап алу, аудару -бөліктің оң жағына жазады

1 топ «ал , көріп, анасын, қызын»

2 топ «ұл , өсер, көріп, әкені, өсер, көріп , қыз шешені»

3 топ «тау әке-асқар , бұлақ ана-бауырындағы»

Мағынасын ашу- бөліктің сол жағына жазады

Мақал- мәтелдер	Мағынасы
1. Анасын көріп қызын ал. 2. Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер. 3. «Әке-асқар тау, ана-бауырындағы бұлақ»	

Әрине, оқушыларға қазақ тілінде мақал-мәтелдің мағынасын қазақша айту қиынға соғады, бірақ сөздіктер арқылы оқушылар айтуға тырысты.

Осы сабақта, балаларға «Фишбоун» стратегиясын ұсындым балалар ата-анасын қарттар үйіне неге апарады? деген мәселені қозғадым. Сол сәтте оқушылар себептер мен деректерді келтіріп, қорытынды жасады.

9 сыныпта «Ғаламтор» тақырыбы бойынша мен «Мылқау кино» стратегиясын ұсындым, олардың мақсаты «Интернет баладан артық» видео-бейнесін қарап, сөйлету. Сабақты бекіткенде осы тақырып бойынша синквейн, синту, диаманта стратегияларын қолданамын.

Синквейн

1 – зат есім

2 - 2 сын есім

3 - 3 етістік

4 – сөйлем, мақал - мәтел, қанатты сөз

5- синоним

Синту

1 – зат есім

2 - сын есім

3 бұл сөзге сезімін білдіру

4 - айтылмаған сын есімдер,

5 – синоним

Диаманта

1- 1, 7 антонимдер

2- 2 сын есім бірінші зат есімге

3- 3 етістік бірінші зат есімге

4- 4 сөз тіркесі

5- 3 етістік 2 зат есімге

6- 2 сын есім 2 зат есімге

Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді.

Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функционалдық тұрғыдан танып-білуіне, сол арқылы логикалық ойлауы бірзді қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған

байланысты мұғалім мәтінмен жұмысты жүйелі жүргізгенде және оқушының сауатты оқу дағдысын қалыптастыра білгенде ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады. «Иә-жоқ», «Дұрыс-бұрыс», «Ыстық орындық», «Инсерт», «Жуан-жіңішке сұрақтар», «Деректер сөйлейді», «Сюжеттік кесте» стратегияларын қолданамын. Мысалы осы кесте бойынша оқушылар сұрақтар құрастырып, жауап береді, диалог, полилог құрастырады.

Не?	Қашан?	Қайда?	Не үшін?	Кімдер?	Неше?	Қандай?

Сондай-ақ «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясына негізделген сабақ оқушының ой-өрісін дамытып, жан-жақты, терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектесе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқушы білімді өз ізденісімен, өз біліктілігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасып, артады. СТО бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне, өз бетінше жұмыс жасауына және уақыт үнемдеге өте ыңғайлы. Бұл технологияны пайдалана отырып, оқушылар мен мұғалімге не берді?

Мен	Оқушылар
<ul style="list-style-type: none"> -оқушыларды белгілі бір ағымға бағытаймын; -әр түрлі пікірлермен таластырамын; -өздері шешім қабылдайтын жағдайлар жасаймын; - оқушыларға өздері қорытынды жасауға мүмкіндік беремін; - жаңа танымдық жағдаяттар дайындаймын; 	<ul style="list-style-type: none"> - өз ой-пікірлерін қалыптастырады; - мәселелерді шешеді; -пікірталастарын дәлелдей алады -басқа біреудің көзқарастарын бағалай алады; -бірігіп жасалған жұмысты бағалайды; -әр түрлі пікірлердің арасынан керектігін талдай алады; - оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді; -жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді; -жүппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;

Өз мақаламды Абайдың сөзімен аяқтағым келеді: «Өзін-өзі сынап білетін, талдай білетін, жақсы мен жаманды ажырата білетін адам, әлбетте, күшті рухтың иесі болады»

Қолданылған әдебиет:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. 2013ж
2. Дәулетиярқызы А. «Оқытудың әлемдік деңгейдегі инновациялық әдіс-тәсілдері»
3. Қазақ тілі мен әдебиеті.-2013.-№ 12.-18-25 б.

Шарипова Динара Сейлхановна
 учитель географии
 ГУ «Карабалыкская СШ №1 имени
 М.Горького отдела образования
 акимата Карабалыкского района»

АКТИВИЗАЦИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ ЧЕРЕЗ САМОРЕГУЛИРУЕМОЕ ОБУЧЕНИЕ

АННОТАЦИЯ

Айтылмыш мақалада автормен қарастырылады, өзін-өзі бақылау сияқты құралымының, дербес жұмысын оқуы - ойлауын қалыптастырады. Белгілі психологиялық еңбектері және өзін - өзі бақылау үдерістеріне, педагогтардың келтіруі. Айырмашылық- соны өзінің тәжірибесінің автор